

Жоба тақырыбы:

ЖОБА ТАҚЫРЫБЫ:

Біржан сал - үш бірдей  
өнер иесі: асқақ үнді  
ақын, сазгер, әнші.







**Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,  
Адамға зияным жоқ жүрген жанмын.  
Қасыңа мені сендер неге алмайсың,  
Өзім сұңқар,өзім сал, кімге зармын**

# Зерттеудің мақсат-міндеттері:

- Әнші-сазгер Біржан сал Қожағұлұлының шығармашылық өмір жолын танып-білу.
- Біржан әндерінің өміршеңдігін насихаттау.
- Әнші Біржанның ақын Абаймен шығармашылық байланысын әндері арқылы тану.
- Біржан сал Қожағұлұлы - әлеуметтік өмір жыршысы екендігіне көз жеткізу.






# Атқарылған жұмыстар:



- Біржан салдың өмірімен және шығармашылығымен таныстық.
- “Ләйлім шырақ”, “Жанбота” өлеңдеріне талдау жасадық.
- Біржан салдың әдеби мұраларының өзіндік ерекшелігін таныдық.
- Атқарылған жұмыстар бойынша қорытынды жасадық.



Бұлбұлдан-лебіз, аққудан-саңқыл, тотыдан-толғау, қыраннан самғау алған Біржан салдың асқақ дауысы тыныс-тылсымның кеңдігін, өлшем екпіннің дәлдігін арқау етіп, Бетховен айтқандай, “тыңдаған жанның жүрегінен жалын шығарады”.




# Біржан сал Қожағұлұлы. (1834-1897жж)

Біржан табиғаты көркем,сылдырап аққан бұлағы,айнадай жарқыраған көлдері,сыңсыған сұлу орманы бар Бурабайдай аңызға толы өлкеде,көк күнбезді Көкшетауда,атасы Қожағұл ауылында Жөкей көлінің маңында 1834жылы дүниеге келген.Біржан үш ағайынды еді,ағалары Ержан мен Нұржан атакәсібі-мал бағумен ғана айналысқан.Ал Біржан болса, Тәңірінің берген өнерімен елден ерекше болып өседі.Бала бойындағы талантты тани білген атасы Қожағұл Біржанды Өз бауырына басып, тәрбиелейді.Осылайша атақ-даңқы алты алашқа жайылған өлең мен әннен маржан тізген Сарыарқаның саңылақ ақыны,ақиық әнші сал Біржан осыншама жан азабына төзе алмай,1897жылы 63 жасында қайтыс болады.




# Ләйлім шырақ.

Мен де өзіңдей жас едім, жана талап,  
Біреу Ташкент барғанда алдырып ем,  
Қызыл жібек қырмызы төрт-бес қадақ,  
Өзіме бер шідерді тауып алсаң,  
Елу теңге берер ем сүйінші алсаң.  
Жерде шіріп қалса да көзім көріп,  
Қыршын жасым қиылсын бітім алсам,  
Ләйлім шырақ - асыл тасым,  
Көлбай, Жанбай бірге өскен  
замандасым.  
Келген жоқ көктен пері, жерден  
шайтан,  
Шідерімді ұрлаған қарындасым,  
Таудан аңнан сылдырап мен бір бұлаң.  
Қаныс болсын, жіп болсын неге керек,  
Шідерімнің бағасы қырық қысырақ...



# Жанбота.

Жанбота, осы ма еді өлген жерім,  
Көкшетау баурайында көмген жерің  
Кісісін бір болыстың біреу сабап,  
Бар ма еді статьядан көргендерің.  
Жанбота, өзің болыс, әкең Қарпық,  
Ішінде сегіз болыс иіенің артық.  
Өзіңдеи Азынбайдың поштабайы,  
Бір қойып, домбырамды алды тартып.  
Айтады Біржан өлең ентелетіп,  
Біржанды халқым қойды еркелетіп.  
Есерге поштабайдай көз алдыңда.  
Біржанды қойғаның ба желкелетіп.





# Біржан салдың әдеби мұрасы

- Бойында әншілік дарыны бар, домбырада шебер ойнайтын Біржан жастайынан қазақ даласына танымал болған. Ол бірегей сазды-поэтикалық шығармаларды дүниеге келтірген. Ел аралап, алуан түрлі айтыстардың ортасында жүрген. Айналасына дарынды жастарды жиып, өзіндік көшпелі театр құрған.
- Ақынның “Жамбас сипар”, “Теміртас” т.б әндері мұң мен шерге толы. Біржанның 40-тан астам өлеңдері бүгінгі күнге дейін жетті. Ол айтыс өнерінің де шебері болғаны мәлім. Оның Жетісуға арнайы келіп, Сара Тастамбекқызымен айтысы осы жанрдың озық үлгісіне жатады. Біржан өлеңдері ұлттық өлең өнерін жоғары деңгейге көтерген. Біржанның ерекше ақын-сазгер, өте дарындылығын бағалаған халық, оған “Сал” атты қосымша ат берген. Сал өзінің шығармашылығында халық өнерінің барлық әуендік, поэтикалық, драмалық түрлерін біріктіреді.



# Біржан сал Абай ауылында.



# Қорытынды:

«Біржан – бұрын –соңғы қазақтың сал-сері ақындарының ағасы, ұстазы, жанашыр өнерпазы. Өнер дамыған сайын Біржан мұрасы мәңгі бірге жасамақ»

A night scene with a full moon, a wolf howling, and two white doves flying. The background is a dark blue night sky with a large, bright full moon. In the foreground, a wolf is howling on a grassy hill. Two white doves are flying in the sky, one on the left and one on the right. The text "Назарларыңызға рақмет!" is overlaid in the center in a golden, outlined font.

Назарларыңызға рақмет!

